

МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы. Президент (1991-; Н.Ә.Назарбаев). Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру [Мәтін]: [Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы] // Egemen Qazaqstan.- 2018.- 6 қазан (№190).- 1-3 б.
2. Назарбаев, Н.Ә. Жастар - еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы [Мәтін]: [ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жастар жылының ашылу салтанатында сөйлеген сөзі] // Egemen Qazaqstan.- 2019.- 24 қаңтар (№15).- 1-3 б.
3. Бекбосынқызы, С. Елбасы Жолдауын қолдау [Мәтін]: ["ТЭМК" АҚ кәсіпорын ұжымы Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауын талқылай отырып, қолдайтындықтарын да білдірді] // Отан-Заман.- 2018.- 31 қазан (№41).- 9 б.
4. Бекбосынқызы, С. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауына пікір [Мәтін]: [Елбасы жолдауы: Қазақстан халқының әл-ауқаты] // Отан-Заман.- 2018.- 24 қазан (№40).- 5 б.
5. Бекбосынқызы, С. Елбасын Жолдауына қолдау [Мәтін]: [қалалық орталық кітапханада Елбасы Жолдауын талқылауға арналған іс-шара өтті] // Отан-Заман.- 2018.- 24 қазан (№40).- 2 б.
6. Даму генераторы-жұмыскер жастар [Мәтін]: [Елбасы жарлығымен 2019 жыл - Жастар жылы болып жарияланды] // Ortalyq Qazaqstan.- 2019.- 31 қаңтар (№11).

7. Елбасы жолдауы жастарға жігер сыйлады [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: ©adebiportal.kz https://adebiportal.kz/kz/news/viewelbasi_zholdaui_zhastarga_zhiger_siiladi_20653
8. Жастар жылы: жақсы жаңалық күткен жыл [электронды ресурс]қол жеткізу режимі <https://turkystan.kz/article/72347->
9. Жастықтың оты жалындайтын жыл [Мәтін]: [2019 жыл - Жастар жылы] // Egemen Qazaqstan.- 2019.- 17 қараша (№10).- 1, 3 б.
10. Қабидолдин, Р. Жастар жылы - жаңа леп, жаңа толқын [Мәтін]: [Мемлекет басшысының қатысуымен Жастар жылының ашылу салтанаты өтті] // Ortalyq Qazaqstan.- 2019.- 31 қаңтар (№11).- 8 б.
11. Құттыбай, М. Жастар саясаты: Қолдау. Сенім. Мүмкіндік [Мәтін]: [2019 жыл - Жастар жылы] // Ortalyq Qazaqstan.- 2019.- 31 қаңтар (№11).- 3 б. .
12. Қабидолдин, Р. Алғышарт-аймақ дамуы [Мәтін]: [Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаның Қарағанды облысына жұмыс сапары] // Орталық Қазақстан.- 2018.- 20 қазан (№117).- 1-2 б.
13. Қабидолдин, Р. Сапалы білім - саналы ұрпақ кепілі [Мәтін]: [ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің Қарағанды өңіріне жұмыс сапары] // Орталық Қазақстан. -

**ҚҰРАСТЫРУШЫ:
АББ БИБЛИОГРАФЫ
ЖАНАШЕВА К.А.**

**ОК ТЕЛЕФОНЫ:
8(7213)98-47-60**



**ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ
АҚПАРАТТЫҚ –БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ**



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ЖАДНАМА

Теміртау, 2019



"Жастары жалын жүректі, өршіл намысты елдің алар асуы биік болады"

Н.Ә. Назарбаев
ҚР Президенті

Мемлекет басшысы

**Н.Ә.Назарбаевтың 5 қазан 2018 жылғы
"Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі:
Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру"**

Қазақстан халқына Жолдауы

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы Жолдауы - егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін тарихи құжат болып табылады. Жолдауда нақты жүзеге асыру керек негізгі мәселер мен міндеттің әр қайсысы жастарға тікелей байланысты. Себебі болашағынан зор үміт күттіретін білімді ұрпаққа, әрқашан өз сенімін білдіретін Елбасымыз, осы Жолдауында: **«Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. «Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын»** – деп ерекше атап өтті.

Елбасы Үкіметке жастардың білім алуына ерекше назар аударуды тапсырды. Әсіресе, жоғары оқу орындарының білім

сапасы, түлектердің жұмыспен қамтылуы басты назарда болуы тиіс. Себебі білімді жас сапалы маман болып қалыптасары сөзсіз. Елбасы барлық мемлекеттік мектептерге Назарбаев зияткерлік мектебінің оқыту бағдарламасын енгізуді тапсырды. Осы арқылы өскелең ұрпақтың білім деңгейі кеңейе түседі. Білім мен ғылым егіз ұғым секілді. Президент ғылымды дамыту тетіктерін айқындауды да басты міндет етіп қойды.

Елбасы үкіметке «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын 2025 жылға дейін созу керектігін айтты. Бағдарлама аясында мыңдаған жастың бастамасы қолдау тауып, олар өз кәсібін бастап та үлгерді. Бағдарлама мерзімін ұзарту жас кәсіпкерлер үшін үлкен қолдау екені белгілі. Жолдауда жоғары оқу орындарына мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет етуі мәселесі қоғамның даму тенденциясын анықтайтын фактор екендігіне зор мағына берілген.

«Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы жолдауында еліміздің тірегі – жастар мәселесіне жете мән бергендігімен аса маңызды деп санаймыз. Қоғамның даму үдерісін ілгерілетудің жетекші күші жастар екендігі ақиқат дүние. Жолдауда жоғары оқу орындарына мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет етуі мәселесі қоғамның даму тенденциясын анықтайтын фактор екендігіне зор мағына берілген.

«Президент жариялаған Жастар жылының ең басты мақсаты - өскелең ұрпақтың барынша сапалы өмір сүруіне қажетті жағдай жасау. Өйткені, жастар - бұл мемлекетіміздің күш-қуатын еселейтін ең негізгі мықты буын.

Қазақта «Жас келсе – іске» деген сөз бар. Ақылды технология заманында ақыл да, тың идея да жастардан шығады.



Жастар - қай заманда, қай елде болмасын асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы. Олар қай кезде де, қай қоғамда да белсенді буын өкілдері. Еліміздегі жас буын өкілдері мемлекетіміздің жаңа келбетін қалыптастырады. Олардың жаңа белестерге деген ұмтылысы жаңа идеялардың туындауына себепші болады. Ал жаңа идея қазақ елінің жаңаруына бағыт алып, “Мәңгілік ел” болуына нық қадам бастайды.